

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының коммуникациялар стратегиясы

КІРІСПЕ

БҰҰ статистикасының негіз қалаушы қағидаттарының нормалары, Еуропалық статистиканың практикалық кодексі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік статистикасының қағидаттары негізінде дайындалған Коммуникациялар стратегиясы ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен тиімді байланыс орнату есебінен Бюро қызметі туралы сенім мен хабардарлық деңгейін арттыруға ықпал етуге арналған.

Бюро Қазақстан туралы жоғары сапалы ресми статистикалық ақпараттың жетекші жеткізушісі ретінде өз қызметіндегі тәсілдерді одан әрі жетілдіруге ұмтылады.«Ресми статистикалық ақпарат» термині-Еуропалық Статистика практикасы кодексінің қағидаттарына сәйкес келетін Бюро деректерінің бірегей ерекшелігі.

Бұл құжат пайдаланушыларды өзекті және уақтылы ресми статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету бойынша Бюро қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды.

МАҚСАТТАРЫ

- Ресми статистикалық ақпаратқа қолжетімділікті кеңейту;
- Ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен тиімді байланысты қолдау;
- Мемлекеттік статистиканың тәуелсіздігіне деген сенім мен сенімділік деңгейін, сондай-ақ ресми статистикалық ақпараттың сенімділігі мен сапасын арттыру.

МІНДЕТТЕРІ

- Мақсатты аудиториялар арасында сапалы ресми статистикалық ақпаратты жеткізуші ретінде Бюро мәртебесін ілгерілету;
- Қоғамда қабылданатын шешімдер үшін қажетті ақпараттық базаны құра отырып, өзекті ресми статистикалық ақпаратты ұсыну;
- Ресми статистикалық ақпаратты алу мүмкіндіктері туралы халықтың хабардарлығын арттыру;
- Оң беделді қалыптастыру үшін Бюро қызметінің артықшылықтарын белсенді пайдалану;
- Бюроның хабардарлығын және ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылар санын арттыру.

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы сенімді ресми статистикалық ақпараттың болуы тиімді мемлекеттік саясатты жүргізудің негізгі шарты болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның мемлекеттік статистикасында қазіргі заманғы статистикалық жүйелердің барлық міндетті атрибуттары бар: заңнама; нарықтық экономикасы бар елдерге тән статистика салалары; халықаралық стандарттарға сәйкес келетін статистикалық әдіснама.

Қазақстанның статистикалық жүйесіне бағалау жүргізген бірқатар халықаралық ұйымдар бюроның БҰҰ статистикасының негізгі қағидаттарына бейілділігін және ресми статистикалық ақпараттың жоғары сапасын мойындады.

Саланың ғасырлық тарихы бар және заманауи тәсілдер мен құралдарды ескере отырып, қазір трансформация сатысында тұр. Жақын арада Бюроның алдында жаңа (әкімшілік және балама) деректер көздеріне көшу қажеттілігін ескере отырып, әдіснамалық базаны жетілдіру, сондай-ақ статистикалық қызметті цифрландыру міндеті тұр. Басымдық-ресми статистикалық ақпараттың сенімділігі мен қолжетімділігін арттыру жөніндегі мақсаттар.

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Бюро өз пайдаланушыларын сапалы ресми статистикалық ақпаратпен және статистиканы түсінуге ықпал ететін қажетті түсіндірмелермен қамтамасыз етеді.

Пайдаланушылармен жұмыс істеудің негізгі принциптерінің бірі- пайдаланушылардың ресми статистикалық ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, яғни пайдаланушылардың белгілі бір топтары үшін артықшылықтардың болмауы.

Бюроның мақсатты пайдаланушылары - мемлекеттік органдар, бизнес, бұқаралық ақпарат құралдары, ғылыми қоғамдастық, студенттер, халықаралық ұйымдар, респонденттер және т.б. болып табылады.

Бюро олардың әртүрлі ақпараттық қажеттіліктерін талдайды. Талдау үшін нарықты бақылау мен бақылаудың заманауи құралдары пайдаланылады, пайдаланушылардың дерекқоры жүргізіледі.

Бюро пайдаланушыларға қол жеткізу үшін әртүрлі байланыс арналарын пайдаланады және ақпаратты олардың өзгеретін талаптарына бейімдейді.

Бюро өз пайдаланушыларының пікірін бағалайды, әрқашан түсініктемелер беруге дайын және сындарлы диалогқа ашық.

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

«Ресми статистикалық ақпарат көзі» имиджін нығайту

Бюро ресми статистикалық ақпараттың маңыздылығын одан әрі арттыруға, Бюро қызметі төңірегінде қолайлы ақпараттық өріс құруға, сондай-ақ Бюро қызметі туралы жағымсыз ақпарат пайда болған жағдайда оларды нивелирлеуге ұмтылады.

Ресми статистикалық ақпаратқа сенімді нығайту үшін сапа стандарттары мен сапа менеджментіне ерекше көңіл бөлінеді. Сапа белгісі

ретінде «Ұлттық статистика бюросының» дереккөзіне сілтеме жасай отырып, ресми статистикалық ақпаратты пайдалану көтермеленеді.

Бюро қоғамға ресми және сенімді статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етуде ашық мемлекеттік орган ретінде беделді қалыптастыру үшін жұмыс істейді.

Ресми статистикалық ақпараттың сенімділігін арттыру

Бюро халықаралық стандарттарға сәйкес әдістемелік базаны жетілдіру, статистикалық өндіріс процесін цифрландыру, әкімшілік және балама деректерді белсенді пайдалану арқылы ресми статистикалық ақпараттың сенімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға ұмтылады.

Бюро ресми статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және ұсынудың қолданылатын әдістері туралы толық ақпарат береді.

Ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін арттыру

Бюро ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін үнемі жетілдіріп отырады.

Ресми статистикалық ақпаратты таратудың негізгі арнасы Бюроның stat.gov.kz сайты болып табылады. Сайт пайдалануға ыңғайлы және республикалық, өңірлік деңгейде ақпарат ұсынады. Ресми статистикалық ақпарат анық және түсінікті тілде ұсынылған және әртүрлі мақсатты пайдаланушы топтарының қажеттіліктеріне бейімделген.

Бюро жүйелік негізде ресми статистикалық ақпаратты ыңғайлы форматта ұсыну және олардың іздеу жүйелеріне қол жетімділігі бойынша жұмыс істейді.

Ресми статистикалық ақпаратты уақтылы жариялау

Бюро пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпарат пен статистикалық әдіснамаға www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында орналастыру арқылы бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді.

Барлық ресми статистикалық ақпарат ағымдағы жылға арналған Статистикалық жұмыс жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде бекітілген мерзімдерге сәйкес жарияланады.

Ресми статистикалық ақпаратты жариялаудың уақтылығы шығарылымдар күнтізбесінде көрсетіледі.

Кері байланыс арналарын кеңейту, статистикалық сауаттылықты және пайдаланушылардың сенім деңгейін арттыру

Бюро ресми статистикалық ақпаратты танымал ету үшін пайдаланушылармен әртүрлі байланыс арналарын пайдаланады.

Пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктерін талдайды, ресми статистикалық ақпаратты олардың өзгертін қажеттіліктеріне бейімдейді. Мұның бәрі пайдаланушылардың ресми статистикалық ақпаратқа деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Бюро статистикалық сауаттылықты арттыруға ықпал етеді, атап айтқанда пайдаланушылардың әртүрлі топтарына түсініктемелер береді, пайдаланушыларды әртүрлі мақсатты топтардың қажеттіліктері мен статистикалық білім деңгейлерін ескере отырып оқытады.

Сәйкестендірілмеген түріндегі деректер базасына қолжетімділікті ұсыну

Бюро ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет үшін жинақталған деректер ғана емес, сонымен қатар терең талдауға мүмкіндік беретін сәйкестендірілмеген түріндегі деректер базасы да маңызды екенін түсінеді.

Деректер базасын сәйкестендірілмеген түрінде ұсынуды реттеу мақсатында «Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары» қабылданды.

Бюро ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте сәйкестендірілмеген түріндегі деректер базаларына қолжетімділікті қамтамасыз ету процесін оңтайландыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.

Сәйкестендірілмеген түріндегі деректер базаларына қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, Бюро өзінің ашықтығын және пайдаланушылардың сұраныстарына жауап беруге дайын екендігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде ресми статистикалық ақпаратқа деген сенім деңгейін арттырады.

Халықаралық стандарттарды қолдану

Бюро халықаралық стандарттарға сәйкес келетін статистикалық әдіснаманы қолданады. Халықаралық жіктеулер мен әдістерді қолдану статистикалық жүйелердің жүйелілігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Одан әрі халықаралық ынтымақтастық, ақпаратпен және практикалық біліммен алмасу, сондай-ақ статистикалық стандарттарды бірлесіп әзірлеудегі ынтымақтастық ресми статистиканың сапасын одан әрі арттыру және қолдану аясын кеңейту жөніндегі қызметтің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

I. БҰҰ РЕСМИ СТАТИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

1) Маңыздылығы, объективтілігі және тең қолжетімділігі

Практикалық пайдалылық критерийлеріне сәйкес келетін ресми статистиканы ресми статистикалық ведомстволар азаматтардың жарияақпаратқа қолжеткізу құқығын қамтамасыз ету мақсатында объективті негізде жинап, ұсынуы тиіс.

2) Кәсіби стандарттар, ғылыми принциптер және кәсіби әдеп

Ресми статистикаға сенімділікті сақтау мақсатында статистикалық ведомстволар ғылыми қағидаттар мен кәсіби әдепті қоса алғанда, кәсіби пайымдауларға сәйкес статистикалық деректерді жинау, өңдеу, сақтау және ұсыну әдістері мен рәсімдеріне қатысты шешімдер қабылдауға тиіс.

3) Есеп берушілік және ашықтық

Деректерді дұрыс түсіндіруді жеңілдету үшін статистикалық ведомстволар статистика саласындағы дереккөздерге, әдістер мен рәсімдерге қатысты ғылыми стандарттарға сәйкес ақпарат ұсынуы керек.

4) Дұрыс пайдаланбаудың алдын алу

Статистикалық ведомстволар статистикалық деректерді дұрыс түсіндірмеу немесе дұрыс пайдаланбау туралы пікір айтуға құқылы.

5) Ресми статистика көздері

Статистикалық ведомстволар сапаны, уақыттылығын, шығындарды және респонденттерге түсетін жүктемені ескере отырып, дереккөздерді таңдауы тиіс.

6) Құпиялылық

Статистикалық ақпаратты дайындау үшін статистикалық ведомстволар жинайтын жеке деректер, қатаң құпия түрінде болуға және тек статистикалық мақсаттар үшін ғана пайдаланылуға тиіс.

7) Заңнамалылық

Статистикалық жүйелер жұмыс істейтін заңдар, нормалар мен шаралар аясында жария етілуі керек.

8) Ұлттық үйлестіру

Статистикалық жүйедегі келісімділік пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін елдер деңгейінде статистикалық ведомстволардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру қажет.

9) Халықаралық стандарттарды қолдану

Әрбір елде халықаралық тұжырымдамаларды, жіктелімдер мен әдістерді пайдалануы барлық ресми деңгейлерде статистикалық жүйелердің келісімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

10) Халықаралық ынтымақтастық

Статистика саласында екіжақты және көпжақты ынтымақтастық барлық елдерде ресми статистика жүйесін жақсартуға үлесін қосады.

II. ЕУРОПА СТАТИСТИКАСЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

- **Өзектілігі**

Еуропалық статистика пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырады.

- **Дәлдік және сенімділік**

Еуропалық статистика шындықты дәл және сенімді түрде көрсетеді.

- **Уақтылық және ұқыптылық**

Еуропалық статистика уақтылы және ұқыпты жарияланады.

- **Үйлесімдік және салыстырмалылық**

Еуропалық статистика уақыт өте келе ел ішінде келісілген және аймақтар мен елдер арасында салыстыруға болады; әртүрлі көздерден алынған тиісті деректерді біріктіруге және ортақ пайдалануға болады.

- **Қол жетімділік және айқындық**

Еуропалық статистика анық және түсінікті түрде ұсынылған, қолайлы және ыңғайлы түрде жарияланған, көмекші метадеректермен және нұсқаулықтармен бейтарап негізде қол жетімді.

III. ҚРМЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКАНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

1) мемлекеттік статистиканың жалпы жұрт қабылдаған халықаралық стандарттармен, сыныптамаалармен және әдістермен үйлесімді және салыстырмалы болуы;

2) статистикалық қызметті жүзеге асыру кезіндегі кәсіптік тәуелсіздік және дербестік;

3) пайдаланушылардың ресми статистикалық ақпаратқа теңдей қол жеткізуін қамтамасыз ету;

4) алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығы және олардың тек қана статистикалық мақсаттар үшін пайдаланылуы;

5) сапасын, уақтылығын, шығындарды және респонденттерге жүктемені ескере отырып, ақпарат дереккөздерінің барлық түрлерін пайдалану;

6) ресми статистикалық ақпараттың дәйектілігі, ғылыми негізділігі, уақтылы берілуі мен жалпыға бірдей қолжетімділігі;

7) статистикалық ақпараттың, алғашқы статистикалық және әкімшілік деректердің сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

РЕСМИ СТАТИСТИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ТАРАТУ ПРОЦЕССИН РЕТТЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

1. «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Қазақстан Республикасының Заңы;
2. Мемлекеттік статистиканы және деректердің ұлттық экожүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
3. 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 «Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары»;
4. 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 «Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары»;
5. 2016 жылғы 30 қарашадағы №292 «Ресми статистикалық ақпаратты электронды түрде қалыптастыру және тарату бойынша әдістеме»;
6. 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №20 «Статистикалық әдіснама өзгерген жағдайда статистикалық мақсаттар үшін және жаңартылған, құжатпен расталған ақпарат негізінде жарияланған ресми статистикалық ақпаратты қайта қарау қағидалары»;
7. 2020 жылғы 6 сәуірдегі №24 «Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету қағидалары;
- 8.«Пайдаланушылармен, оның ішінде БАҚ-пен және жалпы жұртшылықпен өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық»;
9. «Ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың анықтамалығы».